

**2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 661 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 наурызда № 6213 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары М. Самитовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы ауданының әкімі*

*С. Мақашов*

Қармақшы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 661 қаулысына қосымша

**2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 08.11.2018 № 840 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын орталықтар	Дербес толық күндік шағын орталықтар	Дербес жарты күндік шағын орталықтар	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын орталықтар	Дербес толық күндік шағын орталықтар
									Дербес жарты күндік шағын

№	аудан, қала)										орталы қтар
1	Қармақ ш ы ауданы	1527	70	0	0	0	24240	21800	0	0	0
2	Байқоң ы р қаласы	280	0	0	0	0	42800	0	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ